

Агроөнеркәсіп кешені саласында қызметін жүзеге асыратын азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2013 жылғы 03 маусымдағы № 20/255 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 02 шілдеде № 8546 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 18 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.01.2016 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 233-бабына сәйкес, агроөнеркәсіп кешені саласында қызметін жүзеге асыратын азаматтық қызметшілердің кәсіптік және біліктілік даярлығы деңгейін, іскерлік қасиеттерін айқындау мақсатында
Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қоса беріліп отырған Агроөнеркәсіп кешені саласында қызметін жүзеге асыратын азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Әлеуметтік саясат басқармасы (С.С. Лепешко):

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты оның ресми тіркелуінен кейін бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы вице-министрі М.Е. Толыбаевқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр **А. Мамытбеков**
Қ а з а қ с т а н **Р е с п у б л и к а с ы**
А у ы л **ш а р у а ш ы л ы ғ ы** **м и н и с т р і н і ң**
2 0 1 3 **ж ы л ғ ы** **3** **м а у с ы м д а ғ ы**
№ **2 0 / 2 5 5** **б ұ й р ы ғ ы м е н**
бекітілген

Агроөнеркәсіп кешені саласында қызметін жүзеге асыратын азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 233-бабына сәйкес әзірленді және агроөнеркәсіп кешені саласында қызметін жүзеге асыратын азаматтық қызметшілерді (бұдан әрі – қызметшілер) аттестаттаудан өткізу тәртібін айқындайды.

2. Қызметшілерді аттестаттау - олардың кәсіптік-біліктілік даярлығының, іскерлік қасиеттерінің деңгейін айқындау жөнінде кезеңдеп жүзеге асырылатын рәсім.

3. Аттестаттау кезінде негізгі бағалау өлшемі қызметшілердің өздеріне жүктелген міндеттерді орындау қабілеті болып табылады.

4. Жүкті әйелдерден басқа барлық қызметшілер аттестаттаудан өтеді.

5. Қызметшілер азаматтық қызметте болған әрбір кезекті үш жыл өткен сайын, бірақ осы лауазымға орналасқан күннен бастап алты айдан ерте емес аттестаттаудан өтеді.

Бала күтімі жөніндегі демалыста жүрген қызметшілер қызметке шыққаннан кейін алты айдан кейін аттестаттанады.

Қызметшілерді олардың өтініші бойынша белгіленген мерзімге дейін аттестаттаудан өткізіледі.

6. Аттестаттау мынадай кезекті кезеңдерді қамтиды:

- 1) аттестаттауды өткізуге дайындау;
- 2) аттестаттау комиссиясының қызметшімен әңгімелесуі;
- 3) аттестаттау комиссиясының шешім шығаруы.

2. Аттестаттауды өткізуге дайындау

7. Аттестаттауды өткізуге дайындықты басшының тапсырмасы бойынша аттестаттайтын органның кадр қызметі ұйымдастырады және ол мынадай іс-шараларды қамтиды:

- 1) аттестаттауды өткізу кестесін әзірлеу;
- 2) аттестаттау комиссиясының құрамын айқындау;
- 3) аттестаттау өткізудің мақсаты мен тәртібі туралы түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру.

8. Кадр қызметі осы Қағидалардың 4-тармағына сәйкес аттестатталуға тиіс қызметшілерді алты ай ішінде бір рет айқындайды.

9. Ұйымның басшысы кадр қызметінің ұсынысы бойынша бұйрық шығарады, сол бұйрықпен аттестатталатын қызметшілердің тізімі, аттестаттауды өткізу кестесі және аттестаттау комиссиясының құрамы бекітіледі.

10. Кадр қызметі аттестаттауды өткізу мерзімі туралы оны өткізудің басталуына кемінде бір ай қалғанда қызметшілерді жазбаша хабардар етеді.

11. Аттестатталуға тиіс қызметшінің тікелей басшысы қызметтік мінездемені рәсімдеп, оны кадр қызметіне жолдайды.

12. Қызметтік мінездеме аттестатталатын қызметшінің кәсіби, жеке қасиеттері мен қызметтік іс-әрекеті нәтижелерінің негізделген, шынайы бағасын қ а м т у ғ а т и і с .

13. Кадр қызметі аттестаттау комиссиясының отырысына дейін кемінде үш апта бұрын қызметшіні оған берілген қызметтік мінездемемен таныстыруға тиіс.

14. Қызметші өзіне берілген қызметтік мінездемемен келіспейтін жағдайда кадр қызметіне жазбаша түрінде ол туралы өтінішті және өзін сипаттайтын а қ п а р а т т ы ұ с ы н а д ы .

15. Аттестатталатын қызметшіге кадр қызметі осы Қағидаға қосымшаға сәйкес нысан бойынша аттестатталуға тиіс агроөнеркәсіп кешені саласында қызметін жүзеге асыратын азаматтық қызметшінің аттестаттау парағын (бұдан әрі – аттестаттау парағы) ресімдейді.

16. Кадр қызметі жиналған аттестаттау материалдарын аттестаттау к о м и с с и я с ы н а ж о л д а й д ы .

17. Аттестаттау комиссия мүшелері мен хатшысынан тұрады. Ұйымның басшысы аттестаттау комиссиясы мүшелерінің ішінен төраға тағайындайды.

18. Аттестаттау комиссиясының төрағасы оның отырыстарында төрағалық етеді, қызметіне басшылық етеді және оның қызметі мен қабылданатын шешімдеріне жалпы бақылауды жүзеге асырады.

19. Аттестаттау комиссиясының құрамына ұйымның әртүрлі бөлімшелерінің, оның ішінде кадр және заң қызметтерінің басшылары, ұйым қызметкерлерінің ө к і л і е н г і з і л е д і .

20. Аттестаттау комиссиясының болмаған мүшелерін алмастыруға жол б е р і л м е й д і .

21. Аттестаттау комиссиясының хатшысы кадр қызметінің өкілі болып табылады, оны кадр қызметінің басшысы айқындайды.

Аттестаттау комиссиясының хатшысы комиссия отырысына тиісті материалдарды дайындайды және комиссия отырысы өткеннен кейін хаттама ресімдейді. Хатшы аттестаттау комиссиясына техникалық қызмет көрсетеді және да у ы с б е р у г е қ а т ы с а а л м а й д ы .

22. Аттестаттау комиссиясының мүшелері аттестаттаудан жалпы негізде өтеді .

23. Құрамының кемінде үштен екісі қатысқан аттестаттау комиссиясының отырысы заңды деп есептеледі.

24. Дауыс берудің нәтижесі аттестаттау комиссия мүшелерінің көпшілік даусымен айқындалады. Дауыстар тең түскен жағдайда, комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

25. Аттестаттау комиссия мүшелерінің ерекше пікірлері жазбаша түрінде жазылып, хаттамаға қоса беріледі.

3. Аттестаттауды өткізу тәртібі

26. Аттестаттау комиссиясы аттестаттауды аттестатталатын қызметшінің қатысуымен өткізеді.

Аттестаттаудан өтуші аттестаттау комиссия отырысына орынды себеп бойынша келмеген жағдайда хаттамаға тиісті жазба енгізіледі және бекітілген өткізу кестесіне сәйкес аттестаттау өткізу бойынша жаңа мерзім белгіленеді.

27. Отырыс барысында комиссия ұсынылған материалдарды зерделейді және аттестатталатын қызметшіні тыңдайды.

Аттестатталатын қызметшіге берілетін сұрақтар оның кәсіби біліктілігінің, құзыреттілігінің, дағдылық және шеберлік деңгейін анықтауға бағытталады.

Аттестатталатын қызметшінің кәсіби, іскерлік және жеке қасиеттерін талқылау объективті, сыпайы және жанашырлық жағдайда өткізіледі.

28. Ұсынылған материалдарды зерделеу және қызметшімен әңгімелесу нәтижесінде аттестаттау комиссиясы мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

- 1) атқаратын лауазымына сәйкес келеді;
- 2) қайтадан аттестатталуға жатады.

29. Аттестаттау комиссиясының шешімі ашық дауыс беру арқылы қабылданады. Аттестаттау комиссиясы құрамына кіретін аттестаттаудан өтуші қызметші өзіне қатысты дауыс беруге қатыспайды.

30. Қайта аттестаттау бастапқы аттестаттау өткен күннен бастап үш ай өткеннен кейін осы Қағидаларда айқындалған тәртіппен өткізіледі. Қайта аттестаттауды өткізгеннен кейін аттестаттау комиссиясы мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

- 1) атқаратын лауазымына сәйкес келеді;
- 2) атқаратын лауазымына сәйкес келмейді.

31. Аттестаттау комиссиясы қызметші атқаратын лауазымына сәйкес келмейді деген шешім қабылдаған жағдайда, Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің 54-бабы іске асырылады.

32. Аттестаттау комиссиясының шешімдері хаттамамен ресімделеді, оған оның төрағасы және отырысқа қатысқан аттестаттау комиссиясының мүшелері

Аттестаттау комиссиясының тиісінше ресімделген хаттамасы ұйымның кадр қызметіне беріледі.

34. Кадр қызметі аттестаттау комиссиясының шешімдері бекітілген күнінен бастап 10 жұмыс күн ішінде қызметшіні аттестаттау комиссиясының шешімімен т а н ы с т ы р а д ы .

36. Аттестаттаудан өткен қызметшінің аттестаттау парағы және оған берілген қызметтік мінездеме жеке ісінде сақталады.

Нысан

Аттестаттау түрі: кезекті – ____; қайталап – ____
(керектісін Х белгісімен белгілеу)

2. Туған күні 19__ж. «__» _____

4. Атқаратын лауазымы және тағайындалған күні:

6. Аттестаттау комиссиясы мүшелерінің айтқан ескертулері мен ұсыныстары:

7. Аттестатталушының ой-пікірі:

8. Аттестатталушының қызметтік мінездемесіне сәйкес азаматтық қызметшінің қызметін тікелей басшысының бағалауы:

9. Отырысқа аттестаттау комиссиясының _____ мүшесі қатысты.

10. Аттестаттау комиссиясының әрбір мүшесі толтыратын қоса берілген бағалау парағына сәйкес дауыс беру нәтижелері бойынша азаматтық қызметші қызметінің бағасы:

1) атқаратын лауазымына сәйкес келеді (дауыс саны) _____;

2) қайтадан аттестатталуға жатады (дауыс саны) _____;*

3) атқаратын лауазымына сәйкес келмейді (дауыс саны) _____.**

11. Аттестаттау комиссиясының ұсыныстары (дәлелдемелерімен қоса):

12. Ескертпелер:

Аттестаттау комиссиясының төрағасы: _____
(қ о л ы)

Аттестаттау комиссиясының хатшысы: _____
(қ о л ы)

Аттестаттау комиссиясының мүшелері: _____
(қ о л ы)

(қ о л ы)

(К О Л Ы)

(ҚОЛЫ)

Атtestаттаудың өткізілген күні 20__ж. «__» _____
Ұйым басшысының атtestаттау қорытындысы бойынша шешімі:

Аттестаттау парағымен таныстым:

(азаматтық қызметшінің қолы және күні) Ұйым

мөртаңбасының орны

* бағасы қайтадан аттестаттаудан өткен кезде қойылмайды;

**** бағасы қайтадан аттестаттаудан өткен кезде ғана қойылады**

Аттестаттаудан өтетін
агроөнеркәсіп кешені
саласында қызметін жүзеге
асыратын азаматтық қызметшіні
бағалау парағына
қосымша

Аттестаттаудан өтетін агроөнеркәсіп кешені саласында

ҚЫЗМЕТІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРАТЫН АЗАМАТТЫҚ ҚЫЗМЕТШІНІ

бағалау парағы

(аттестаттау комиссиясының мүшесі толтырады)

Аттестаттау түрі: кезекті – ____; қайтадан өту – ____
(керектісін Х белгісімен белгілеу керек)

Тегі, аты, жөні (болған жағдайда):

Лауазымы:

Аттестатталуышының бағасы:

өте жақсы, жақсы, қанағаттанарлық, қанағаттанарлық емес)

Аттестаттау комиссиясы мүшелерінің шешімі (төмендегінің бірі: атқаратын лауазымына сәйкес, қайталап аттестациялауға жатады*, атқаратын лауазымына сәйкес келмейді**):

Аттестаттау комиссиясы мүшелері шешімінің негіздемесі:

Аттестаттау комиссиясының мүшесі: _____
(тегі, аты-жөні, қолы)

Аттестаттау комиссиясының хатшысы: _____
(тегі, аты-жөні, қолы)

Күні 20__ жылғы «__» _____

* қайтадан аттестаттаудан өткен кезде шығарылмайды;
** қайтадан аттестаттаудан өткен кезде ғана шығарылады